

Үкімет

Баға бақылауда болады

Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте биыл 9 айдағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің баға жағдайы мен алдағы маусымаралық кезеңдегі тәуекелдер талқыланды. Кеңесте СИМ Сауда комитетінің төрағасы Айдар Әбілдабеков әлеуметтік азық-түлік тобының бағасы тұрақталғанын, былтырғымен салыстырғанда елімізде азық-түлік инфляциясының өсу қарқыны едәуір төмендегенін жеткізді.

— Ауыл шаруашылық жылында қабылданған шаралар оң нәтиже берді. Әлеуметтік азық-түлік тобының бағасы тұрақтандырылып, былтырмен салыстырғанда Қазақстанда азық-түлік инфляциясының өсу қарқыны 3 есе төмендеді. 2023 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша азық-түлік инфляциясы 6,2 пайызды құрады. Осы уақыт аралығында ЭМАТ бағасының индексі 3,1 көрсетті, былтырғы жылда 6 есе төмендеді. Қант саласын қолдау, құнбағыз майын өндіру және тұрақтандыру қорларында көкөніс қорларын қалыптастыру бойынша қабылданған жүйелі шаралар да оң нәтиже берді. Десе де қазір ішкі нарықта үн өнімдерінің қымбаттау қаупі бар. Қыркүйек айының ортасында астық нарығының конъюктурасының өзгеруіне байланысты жекелеген өңірлерде бидай бағасының өсуі байқалады. Бағаның өсуіне бірнеше факторлар себеп болды: күн райының

қолайсыздығы, отандық астық өңдеушілерге Ресейден жеткізілетін астықты тасымалдауға вагондардың жетіспеушілігі. Астық бағасының көтерілуінен 13 өңірде үн бағасы өсті, — деп мәлімдеді СИМ Сауда комитетінің төрағасы Айдар Әбілдабеков.

27 қыркүйек күні Сауда және интеграция министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Азық-түлік корпорациясы, ҚТЖ және әкімдіктермен бірлесіп, Азық-түлік корпорациясының арзандатылған астығын өңірлерге жедел жеткізу және оны өңірлердегі үн өндіруші операторларға беру үшін шұғыл шаралар әзірлеген. Бірақ түрлі себептерге байланысты процесс ұзаққа созылып, бүгінгі таңда тек Түркістан облысына арзандатылған астық толық жеткізілген. Серік Жұманғарин барлық өңірде бұл мәселені жедел пысықтап, шешуді тапсырды.

Қант зауыттарын қаржыландыру шарттарын ұзартуға ерекше назар аударылуда. Бүгінгі таңда тек 2 өңірде, яғни Абай және Ақмола облыстарында жұмыстар жүргізілген. Вице-премьер бұл мәселені жедел пысықтап, жұмыстарды қысқа мерзімде аяқтауды тапсырды.

Өңірлердің тұрақтандыру қорларындағы көкөніс қоры туралы ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков баяндады. Ол 14 қыркүйекте Жамбыл облысында өткен үлкен пияз жәрмеңкесінен кейін барлық өңір өз қорларындағы маусымдық қажеттілікті 100 пайызға дейін қамтамасыз еткенін атап өтті.

Қырыққабат бойынша 6 өңірде, қартоп бойынша 2 өңірде және сәбіз бойынша 1 өңірде келісім-шарттар келімі ұсынылған көлемнен төмен.

Жаз маусымында Қызылорда облысында күрші жәрмеңкесі өткізілсе де, тек бес облыс қана маусымдық сұраныс деңгейінде қорын қалыптастырған. Отандық күршінің қолжетімді бағасын келісіне 400 теңге шегінде және көршілес елдерде бұл өнімге сұраныстың жоғары екенін ескере отырып, Серік Жұманғарин өңірлерге аталған өнім бойынша келісім-шарт жасауды қажетті деңгейге жеткізуді тапсырды.



Кеңес қорытындысы бойынша ҚТЖ-ға Қазақстан ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін көрші елдерден, яғни Өзбекстан мен Тәжікстаннан маусымаралық және қыс мезгілінде көкөністерді жеткізуді қамтамасыз ету тапсырылды.

Апта кетейік, үн бағасының өсуі Астана, Алматы, Шымкент қалаларында, Алматы, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Жетісу және Ұлытау облыстарында тіркелді.

Жандос ЖАЗКЕН

Ел жаңалықтары



Көлік жүргізуге тыйым салынады

Мәжілістегі Үкімет сағатында ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Финият МӘМС жүйесіне қандай өзгерістер енгізу керектігін айтты.

— Қазіргі кезде қаржы жүйесі актуарлық есептеулерге сәйкес өсіп келе жатқан шығыстарды еңсеруге алмағандықтан қор өз міндеттемелерін болашақта толық орындай алмайды деп болжап отыр. Жүйенің уақытша қажеттіліктері орындалуына қамтамасыз ету үшін келесі қажет шарттарды ескеру қажет. Біріншіден, 2025 жылдан бастап әр азамат міндетті салықтық декларациясын тапсырады. Сол арқылы сақтандырылмаған азаматтардың табысы белгілі болмады және шамамен 700 мың адамды МӘМС жүйесіне енгізу ескерілген, — деді А.Финият.

Оның айтуынша, табысы төмен әрі ауылда тұратын шамамен 1,5 млн адам бюджеттік қаражат арқылы сақтандырылады. 2026 жылға қарай бұл халықтың кемінде 95 пайызын қамтуға мүмкіндік беріледі.

Сонымен қатар мемлекет пен жұмыс берушілердің жәрналарының мөлшерлемелерін кезең-кезеңімен көтеру қарастырылған.

Бұдан басқа сақтандырылмаған адамдарға денсаулық және осы салаға қатысты мемлекеттік қызметтерді алу кезінде шектеу енгізу ұсынылады. Мәселен, көлік жүргізу, қару-жарақ сақтау және басқа да бағыттарда осындай шектеулерді қарастырылған жөн деп санаймыз, — деді сала министрі.

Оның сөзіне сүйенсек, МӘМС жүйесіне қатысты бюджеттік қаржыландыруды кезең-кезеңімен ұлғайту пысықталып отыр. Осы шарттарды орындаған кезде қордың орындалуына сақталмады.

«ЖЖ» ақпарат

Қабылдау

Сапалы қызметке алғаусыз алғыс

Дүниежүзілік пошта күні мерекесіне орай аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов сала ардагерлері мен қызметкерлерін қабылдады. Ғани Кенжеғараулы аталған мерекенің маңызына тоқталып, бүгінде «Қазпошта» АҚ-ның жұмысында айтарлықтай жүйе қалыптасқанын, халыққа қызмет көрсетудегі мекеменің аудандық филиал ұжымының еңбегін жоғары бағалады, ардагерлердің де қиын кезеңдерде халыққа қалтқысыз қызмет еткенін тілге тиек етіп, алдағы уақытта да олардың ізін басқан жас мамандардың аудан халқына сапалы қызмет ететініне сенім білдірді.

— Бүгінгі мерекенің өзіндік маңызы бар және тарихы да тереңде жатыр. Барша «Қазпошта» АҚ аудандық филиалының ардагерлері мен қызметкерлерін төл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Қай кезеңде болсын сіздердің халыққа көрсеткен қызметтеріңіз ерекше маңызға ие. Ардагерлеріміз де қиын кезеңдерді еңсеріп, елге еңбек етті, оған тарих куә. Бүгінде саланың жұмысы жүйеленген. Сол алдыңғы буын ардагерлердің ізін басқан мекеменің бүгінгі жұмысшылары да халыққа сапалы қызмет көрсетуде. Жұмыста табысты, еңбектеріңізбен ел алдында абыройлы болыңыздар, амандық, саулық, ұжымға береке, бірлік тілеймін. Мереке құтты болсын, — деді аудан әкімінің орынбасары.

Иә, Ғани Кенжеғараулы айтқандай, шынында бұл мерекенің тарихы әрде жатыр. Біріккен Ұлттар Ұйымы деңгейінде атап өтілетін бұл күн 1969 жылы пошташылардың Токиода өткен конгресінде ресми бекітілген. Ал Қазақстан республикасының бүкіл аумағын қамтитын еліміздегі «Қазпошта» АҚ қызметіне биыл 30 жыл толып отыр.

Апта кетейік, Жалағаш аудандық пошта торабында 13 байланыс бөлімше жұмыс жасайды, онда 44 азамат халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуде. Пошта торабы екінші деңгейлі банк ретінде аудан бойынша 400-ден астам заңды тұлғаға қызмет көрсетеді. Сондай-ақ Аққұл, Мәдениет, Аламесек ауылдарында бұл жұмыстармен қатар келісім-шартқа отырған банктер арқылы несие, депозит рәсімдеу жұмыстары қатар жүргізілуде.

Аудан бойынша 30-ға жуық мекеме пошта торабынан жалақысын алса, зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың саны 3219-ды құрайды. Бүгінгі қабылдауда Жалағаш аудандық пошта торабы қызметкерлері мен сала ардагерлеріне арнайы аудан әкімінің құттықтауы мен алғыс хаты

табысталды. Жынында сөз алған сала ардагерлері тарихтан сыр шертіп, өткен күндерден естеліктер айтты. Ал аудандық мешихаттың төрағасы Әмірзақ Елеусінов мерекенің маңызына тоқталып, аталған мекеменің алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

— Кез келген саланың өзіндік қиыншылығы мен қызығы қатар жүреді. Сіздердің елге өткен еңбектеріңізді сапалы екенін күнделікті көріп отырмыз. Біздің жас кезімізде бұл мекеменің халыққа қажеті орасан еді, әлі де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Осы жұмыстардың бір ізге түсуінде ардагерлер мен жас мамандардың еселі еңбегі жатыр. Сондықтан мерекенің өзіндік маңызы бар. Баршаңызды төл мерекемен құттықтаймын. Жұмыста абыройлы болыңыздар. Халыққа жасаған қызмет еш кетпейді. Өрқашан сенім үдесінен шығып, елдің алғысын алыңыздар. Мерекелеріңіз құтты болсын, — деді аудандық мешихат төрағасы.

Жалпы Қазақстан поштасының тарихы тереңде. 1860 жылы Верный қаласында алғашқы байланыс пошта бөлімшесі ашылған. Ол аз уақыттан соң пошта-телеграф кеңсесіне айналып, 1883 жылдың өзінде оған 14 байланыс пошта бөлімшесі қараған еді. Пошта байланысын ұйымдастыру арзанға түсуі үшін пошта кеңсесі ат-пошта стансалары мен болыстарда көмекші пункттерді ашты. Олардағы пошта операцияларының жүргізілуі болыс старшындары мен пестірлердің міндетіне жүктелді. Сол кездері ондай ат-пошта жолының жалпы ұзындығы 20 мың шақырымды құрады. 1925 жылы пошаның даму тарихында алғаш рет ауылдық хат тасымалдаушы лауазымы бекітіліп, шалғайдағы ауылдарға хат жеткізу үшін айналма ат-пошта қызметі енгізілген. Қалаларда пошталық тасымалдар машиналардың иелігіне берілді,



кейін катерлер мен теміржол көлігі де қолданыла бастады.

Бүгінгі пошта қызметі мүлде бөлек, бір сөзбен айтқанда, заман талабына қарай түрленген. Күн өткен сайын жаңа технология алға қарыштап, енгізіліп жатқан жаңашылдықтар саланың тынысын кеңейтіп, халық сұранысын арттырды. Аталған салада үздіксіз қызмет көрсетіп келе жатқан «Қазпошта» акционерлік қоғамы еліміздегі Ұлттық пошта желісінің жалғыз операторы болып табылады. Бұл мекеме ел аумағын тұтастай заманауи пошта инфрақұрылымымен қамтып, заманауи технологияларды енгізу арқылы жаңа жұмыстарды қолға алған. Қазіргі таңда ел бойынша 3 400 бөлімшесі, 14 облыстық, оның ішінде 4 республикалық маңызы бар филиалы бар. Онда 21 мыңнан астам адам қызмет етеді.

Қазіргідей дамыған, инфрақұрылымы мен жүйеленген логистикасы бар халықаралық пошта операторларының пошта нарығына шығуына байланысты бәсекелестік артқанда босануға тағы болмайды, мекеме жаңа заман жетістіктеріне дер кезінде ден қойған. Апта кету керек, ұлттық пошта операторы өзінің позициясын күшейтіп, бекіте түсу бағытында материалдық-техникалық базасын жетілдіру және пошталық қызметтерге қазіргі заманғы технологияларды енгізу жұмыстарын басты назарда ұстап отыр. Оны Жалағаш аудандық пошта байланыс торабының халыққа қызмет көрсету ауқымынан байқауға болады.

2017 жылы күрделі жөндеуден өткен аудандық пошта байланыс торабы ғимараты заманауи стандарттарға сай. Орталық операция учаскесі тұтынушыларға қолайлы болу үшін бірнеше аумаққа бөлінген. Мәселен, пошталық және қаржылық қызметтер бойынша жеке тұлғалар үшін операциялық заң кооперативті тұтынушыларға қызмет көрсету бойынша орындар, сәлемдемелер супермаркеті, қызмет көрсету орны мен айырбастау пункті орналасқан. Орталық залда келушілерге қызмет көрсету форматы да оңтайландырылған, кабиналар орнына сәлемдемелер супермаркеті ашылған. Мекеме басшысы Жанна Исақызының айтуынша, бұл заманауи өзгерістердің өзіндік артықшылығы бар, яғни өз шығындарын қысқартуға айтарлықтай үлес қосады, тұрғындардың өтімділік қабілетін

жоғарылатып, келушілер үшін сәлемдемелерді алу және жіберу уақытын қысқарттады.

Апта кетейік, аудан орталығындағы Қазпошта бөлімшесі арқылы айлық, жылдық салықтар және коммуналдық төлемдер төлеуге, ақша айырбастауға, шет елдерге ақша аударуға, несие алуға, депозит ашуға, көлікті сақтандыруға болады. Көпшілікке бірдей салық түрі, жер мен мүлік салығын пошта ешқандай үстемалықсыз тепін қабылдайды. Бұған қоса тұтынушылар зейнетақы, жалақы, әлеуметтік жөнділдіктер үшін карта аштыра алады. Ал Aliexpress картасы арқылы тапсырыстың ақысын төлесе, заты 15-20 күнде келеді. Бұл жеткізу қызметінің жедел жұмыс істейтінін көрсетеді. Сондай-ақ "Salem", "Tenge" жедел аударымдар желісі іске қосылған. Бұл аударымдар арқылы бір минуттың ішінде еліміздің кез келген аймағына ақша жіберу аласыз. Ал "Юнистрим" халықаралық аударымдарының төлем жүйесімен АҚШ долларын, Еуро Ресей рублин ТМД елдеріне, алыс-жақын шет елдерге жөнелтуге болады. Сонымен бірге тұтынушылар үшін "сәлемдемелер супермаркеті" іске қосылып, жұмыс істеп тұр. Бұрынғыдай тұрғындар көзек күтіп отырмайды, сәлемдеме жіберілгеннен кейін оны қабылдаушы азаматтың телефонына смс хабарлама келеді. Хабарламада сәлемдеме супермаркеттің қай қатар, қай жойқын тұрғаны туралы айтылады. Сол бойынша тұрғындар еш кезексіз өз сәлемдемесін алады.

Сол секілді гибридіті пошта қызметтері — электрондық және қарапайым поштаның симбиозы. Оны жіберу үшін үйден немесе кеңседен шықпай-ақ электрондық хабарлама мәтінде жолдасңыз жеткілікті. Электрондық файл оны қабылдайтын адамға ең жақын электрондық басып шығару пунктінде түседі. Автоматтандырылған жұмыс орнында хат басып шығарылады, пошта конвертіне салынып, алушының қолына тиеді. Бұл ретте хат-хабар 1-3 күн ішінде тиісті мекен-жайға жеткізіледі. Одан бөлек зейнетақы, жәрдемақылар беру қызметі бар, теміржол билеттері рәсімделеді, банкомат жұмыс істейді, тұрғындарға поштадан брокерлік шот ашуға болады.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Аңдатпа

4 →

Балғын бишілер бағындырған белес



Сұхбат

Соңғы жылдары Жалағашта жол құрылысы қарқын алып, бірқатар ішкі көшелердің де сапасы жақсарғанын байқауға болады. Ел ішіндегі мәселелердің басым бөлігі де осы жол сапасына қатысты. Бір жағынан халықтың да талап-тілегінің ескерілгені тиімді. Әлбетте аяқ су, алдағы жылу маусымына қатысты атқарылатын жұмыстарды да пысықтап алған абзал. Осы ретте аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғабит Ерболұлымен сұхбаттасып, ауданда биыл қанша көше асфальтталды, алдағы жылдың еншісінде жол құрылысына қатысты жаңа жобалар бар ма, кенттегі әлеуметтік нысандарды көгілдір отынға қосу жұмыстары көңіл көншіте ме, алдағы жылу маусымына дайындық барысы қалай, осы және өзге де бірқатар сауалдың түйінін тарқаттық...

— Ғабит Ерболұлы, ауданда республикалық, облыстық және аудандық маңыздағы қанша шақырым жол бар және олардың сапасы қай деңгейде? Сұхбатымызды осы сауалдардың жауабымен бастасақ...

— Ауданда республикалық маңызы бар 50 шақырым жол бар, 100 пайыз қанағаттанарлық жағдайда. Сондай-ақ облыстық маңызы бар 60,6 шақырым жол бар, олар да 100 пайыз қанағаттанарлық жағдайда деп айта аламын. Ал аудандық маңызы бар 130,3 шақырым жолдың 115 шақырымы, яғни 87 пайызы қанағаттанарлық, 15,3 шақырымы қанағаттанарлықсыз жағдайда. Елді мекендерде ұзындығы 239,9 шақырымды құрайтын, 228 ішкі көше бар. Оның 172,9 шақырымы, яғни 72 пайызы қанағаттанарлық, 67 шақырымы қанағаттанарлықсыз жағдайда.

— Биыл ауданда жол құрылысы қарқын алағанын жақсы білеміз, халықтың талап-тілегіне арқау болған осы мәселені шешуге қанша қаражат қаралды және нәтижесі қалай?

— 2023 жылы жалпы құны 1 млрд 133,5 млн теңгені құрайтын бірнеше жоба қолға алынды. Нәтижесінде 40 шақырым аудандық маңызы бар

автомобиль жолдары жөндеуден өтуде. Оның ішінде Ақсу ауылына кіреберіс жолды орташа жөндеу, Есет батыр мен Жаңадария ауылы аралығын жалғайтын жолды орташа жөндеу және Жаңаталап-Аққыр аралығындағы жолды күрделі жөндеу жұмыстары бар. Қазіргі таңда асфальт төсеу жұмыстары толық аяқталды.

— Биыл елді мекендердегі сапасы төмен ішкі көшелердің құрылысына қатысты қанша жоба қаржылай қолдау тапты?

— Бүгінгі таңда жалпы құны 1 млрд 996,6 млн теңгеге 31,7 шақырымды құрайтын 29 көшеге күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде Жалағаш кентінің 12 ішкі көшесін күрделі жөндеу, Мөрәлі Шәменов ауылының 1 көшесін күрделі жөндеу, Бұқарбай батыр ауылының 3 көшесін орташа жөндеу, Аққұм ауылының 10 көшесін күрделі жөндеу және Еңбек ауылының 3 көшесін орташа жөндеу жұмыстары бар. Осыған дейін аудан әкімімен халықтың кездесуінде ел көтерген мәселелердің басым бөлігі осы жол сапасына қатысты болғанын ескеріңіз де жақсы білесіздер. Алдағы жылдары да ауданда жол құрылысы қарқын алады деген жоспар бар.



Жарқын жобалар ел игілігіне

— Дәуімбайдағы ағайынның теміржол арқылы өтетін аспалы көпір мәселесін көтеріп жүргеніне бірнеше жыл болды, биыл осы мәселеге қатысты жоба да қолға алынады. Теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналған аспалы көпір құрылысының қазіргі қарқыны қалай?

— Негізінен бұл жобаның жалпы құны 328,7 млн теңгені құрайды. Жалағаш кентіндегі теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналған аспалы көпір құрылысына биыл облыстық бюджеттен 184,8 млн теңге қаржы қаралып, құрылыс жұмыстары басталды. Қазіргі таңда көпірге орнатылатын темір конструкциялары

дайындалып, көпірдің екі бетіне бетон құю жұмыстары аяқталуда. Мердігер мекеме — «Гулнур МК» ЖШС, техникалық қадағалаушы — «Altimus» ЖШС, авторлық қадағалаушы — «Проект Сервис» ЖШС. Бұйыртыса, бұл жоба да ел игілігіне беріледі.

Бұл елдің көптен күткен арманы болатын. Себебі шойынжолды кесіп өтіп, кент орталығына келу тұрғындар үшін қауіпті болатын. Сондықтан халықтың бұған қатысты талап-тілегі орынды деп есептеймін. Алдағы уақытта мәселе толығымен шешімін тауып, халықтың бергі бетке қатынасында ешқандай кедергі болмайды.

— Жұырда аудан әкімі елді мекендердегі халықтың кездесулерінде Ақсу мен Мөрәлі Шәменов ауылына көгілдір отын жеткізу бойынша жобалар қолға алынатынын айтты. Қос елді мекенде газ құрылысы қашан басталады?

— Жалпы аудан бойынша газдандыруға қатысты 4 жобаға 65,5 млн теңге қаралды. Оның ішінде Мөрәлі Шәменов елді мекенін газдандыру жұмыстары да бар. Жобаның жалпы құны 684,1 млн теңгені құрайды. 2023 жылға облыстық бюджеттен 20 млн теңге бөлінді. Бұл жоба өтпелі болып табылады. Сондықтан 2024 жылы да жалғасады. Мердігер мекеме — «АЭС and Limited» ЖШС, техникалық қадағалаушы — «Нұрай сервис» ЖШС, ал авторлық қадағалаушы — «Жамбылпрогазпроект» ЖШС. Қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстары басталып кетті.

Мұнан кейін жаңа өзіңіз айтып өткен Ақсу елді мекенін газдандыру жұмыстары да бар. Жобаның жалпы құны 545,2 млн теңгені құрайды. 2023 жылға облыстық бюджеттен 20 млн теңге қаржы қаралды. Бұл жоба да өтпелі, яғни 2024 жылы да жұмыстар жалғасады. Мердігер мекеме — «АЭС and Limited» ЖШС, техникалық қадағалаушы — «Нұрай

сервис» ЖШС, сондай-ақ авторлық қадағалаушы — «Прикаспийское управление строительства-Шымкент» ЖШС. Қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстары басталып кетті.

— Енді бір аттасақ, жылу маусымы да басталғалы отыр. Аудандағы қоймаларда қатты отын қоры қанша, оның бәрін хабардармыз. Ал әлеуметтік нысандардың жылу қазандығын көгілдір отынға ауыстыруда биыл қандай жобалар қолға алынды, осыған тоқталсаңыз...

— Аудандағы «Наркескен» спорт клубының жылу жүйесін күлдір отынға ауыстыру жолымен қазандықты реконструкциялау жобасы бар. Жобаның жалпы құны — 16 млн теңге. Мердігер мекеме — «КомпанияГАЗСтрой» ЖШС. Газдандыру жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ аудандық кітапханының қазандығын көгілдір отынға ауыстыруда да биыл қолға алған болатынбыз. Жобаның жалпы құны 12,3 млн теңгені құрайды. Мердігер мекеме — «КомпанияГАЗСтрой» ЖШС. Газдандыру жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға берілді.

Мұнан бөлек Жалағаш кентіндегі мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейін табиғи газға ауыстыру жолымен қазандықты реконструкциялау жұмыс жобасына жобалау-сметалық құжаттар әзірлеу жұмысы бойынша облыстық бюджеттен 3,528 млн теңге бөлінді. Жоба әзірленіп, ведомстводан тыс сараптамадан өтуде. Сараптама қорытындысы биыл 7 қарашада дайын болады. Кент орталығындағы №246 орта мектепті табиғи газға ауыстыру жолымен қазандықты реконструкциялау жұмыс жобасына жобалау-сметалық құжаттар әзірлеу жұмысы бойынша облыстық бюджеттен 3,641 млн теңге бөлінді. Жоба әзірленіп,

ведомстводан тыс сараптамадан өтуде. Сараптама қорытындысы биыл 31 қазанда дайын болады.

— Соңғы жылдары аяқ су мәселесі күрделеніп келеді. Бұл — ағарлық өңір саналатын біздің аудан үшін айтарлықтай мәселе. Осыған қатысты қандай жобалар қолға алынды?

— Расында мұндай мәселе бар, бұл тек біздің ауданда, облыста немесе елімізде ғана орын алып отырған мәселе емес. Аяқ су мәселесі басқа да мемлекеттерде күрделеніп келеді. Десе де оның шешіміне қатысты бірқатар жобалар қолға алынауда. Мәселен, Қаракеткен ауылына 2 және Жаңаталап ауылына 3 техникалық су ұңғымасын бұрғылау жұмыстарына облыстық бюджеттен 82,6 млн теңге қаржы бөлінді. Қаракеткен елді мекенінде 2 дана техникалық су ұңғымаларын қазу бойынша мердігер мекемелер «Энергиянұр» ЖШС, «Табабер» ЖШС болып табылады. Қазіргі таңда бұрғылау жұмысы аяқталып, іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Жаңаталап елді мекенінде 3 техникалық су ұңғымасын қазу бойынша да жоба биыл басталған болатын. Елді мекендегі 1-ТВ техникалық су ұңғымасын «Табабер» ЖШС арқылы бұрғылау жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. 2-ТВ техникалық су ұңғымасы «Энергиянұр» ЖШС арқылы жүргізілетін болады. Ал 3-ТВ техникалық су ұңғымасын да аталған серіктестік жүргізеді. Бұрғылау жұмыстары аяқталып, алдағы уақытта іске қосылады.


Ауданда осындай жобалар қолға алынауда. Оның барлығы ел игілігіне жарату үшін жүзеге асып жатыр. Алдағы жылдары да жарқын жобалар жалғасына табады.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Брифинг



Құтырма — адамның ми жасушаларын қатты зақымдайтын, жыртқыштар тісін батырғанда терісінің зақымдаған жеріне олардың сілекейі жұққанда пайда болатын вирустық зоонозды жұқпалы ауру. Дерттің қоздырғышы вирус болып табылады, ал жұқпа көзі және жұқпа қоры — жұқтырылған мал. Вирус ауру басталғанша 8-10 күннің ішінде жұқпалы сілекеймен білінеді. Вирус қаңғыма ит-мысықтар арқылы ауыл шаруашылық малдарына таралады. Таралу механизмі қарым-қатынас арқылы, яғни адамға әдеттегідей ит қаққан кезде, құтыру ауруымен ауыратын науқастардың сілекейімен жұғады. Аэрогенді таралу жолы да ықтимал, мәселен, жарғанаттар мекендейтін үңгірлерде, зертхана ішінде, тамақтан және трансмиссивтік жәндіктердің шағуы арқылы да болуы мүмкін. Дәрігерлерге кеш қаралу, егу тәртібінің бұзылуы, егулердің анықталмау салдарынан құтыру ауруы одан бетер белең алады.



Білімді дамыту — ұлт сапасын жақсарту

Білім күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа кезекті Жолдауын жариялаған болатын. Өздеріңіз білетіндей, Жолдауда айқын мақсат пен қай салада болсын тұрақтылық, өсу қарастырылған. Кезекті Жолдаудың негізгі үлкен бес бағыттан құралған.



Осы жолғы Жолдаудың үшінші бағдары «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» деп аталады. Шынымен балалар еліміздің болашағы, мемлекетіміздің келешегі екені белгілі. Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауында алдымен ұлт сапасын жақсартуға күш салу керектігін ескерте отырып, білім саласына біршама өзгерістер ұсынды. Бұл ұлағатты ұстаздар үшін жақсы мүмкіндік пен қолдау болып табылады. Ұстаздардың айлығы 2020 жылдан бері жыл сайын 25 пайызға артып келе жатқаны белгілі. Биылғы Жолдауда Мемлекет басшысы «Жайлы мектеп» жобасы аясында елімізде 400-ге жуық білім ордасы салынатынын атап өтті. «Ұлттық қор — балаларға» жобасы қолға алынды» деді Мемлекет басшысы. Ұлттық жобаны жүзеге асыру аудандарда да бастау алды. Оның аясында 740 мың орынға арналған 369 мектеп салынатын болса, бұл бойынша аудан орталығынан 300 орындық жаңа мектеп салу жоспарлануда. Қазіргі таңда 1,3 гектар жер телімі белгіленді. Биыл жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, 2024 жылы мектеп құрылысы басталады. Бұл Мемлекет басшысының білім саласына демеуі деп білеміз. Сондықтан осы тұста барлық бастамалардың жүзеге асуына ұстаздар қауымы да аянбай еңбек етіп, Жаңа Қазақстанды құруға белсене атсалысады деп ойлаймын.

Айзат МАМЫТОВА, №203 орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Биыл 59 жағдай тіркелген

Ауданда құтырумен күрес күніне орай құтырудан сақтану, оның алдын алу мақсатында тұрғындарға насихат жұмыстары ұйымдастырылып жүргізілуде. Осы орайда аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы Г.Айымбетова БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді.

Спикердің сөзіне сүйенсек, аудан бойынша 2023 жылдың басынан әртүрлі жануарлардың тістеуінен, тырнауынан, сілекейленуінен зардап шеккен 59 азамат медициналық көмекке жүгінген. Бұл 100 мың тұрғынға шаққанда 164,2 көрсеткішті құрайды. Былтыр 47 жағдай тіркелсе, биыл зардап шеккендер саны 12-ге жетіп отыр. Жарақат алғандардың 47,4 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар екен, нақтырақ айтсақ, 28 жағдай, былтырғымен салыстырғанда 1 жағдайға өскен.

Тіркелген жарақаттанушылардың 54,2 пайызы кент үлесінде болса, 45,7 пайызы елді мекендердің үлесінде. Жалағаш кентінен 32 жағдай, Мәдениет

елді мекенінен 6 жағдай, Аққұм елді мекенінен 4 жағдай, Есет батыр, Ақсу, Еңбек елді мекендерінен 3 жағдайдан, Таң елді мекенінен 2 жағдай және Мақпалкөл, Мөрәлі Шәменов, Мырзабай ахун, Жаңаталап, Бұқарбай батыр, Аққыр ауылдық округтерінен 1 жағдай тіркелген. Оның ішінде 57,6 пайызы иесіз ит-мысықтардан жарақат алғандар көрінеді.

Жарақаттанушылардың барлығы медициналық көмекке жүгініп, 25-іне шартты, 34-іне шартсыз егу курсы тағайындалып, 59 адамға антирабиялық вакцина егілген.

Аудандағы бас санитардың айтуынша, құтырудың алғашқы белгілері тістегеннен 10 күннен 2 жылға дейінгі уақыт аралығында байқалады. Емдеуді алғашқы белгілер білінгенге дейін бастау қажет. Аурудың асқинуы адамды өлімге алып келуі мүмкін. Осыған байланысты жануарлар тістеп алғанда бұл аурудың асқинуы кету қаупінді алдын алуға бағытталған шараларға үлкен назар

аударылады. Құтырманың асқинуы кетпеуінің жолы, ол — уақытылы антирабиялық вакцинаны егу, яғни жануарлар тістеген жағдайда адамға антирабиялық иммуноглобулин егіледі.

Қаған есте сақтайтын жайт, жануар тістеп алған жағдайда міндетті түрде дәрігердің тағайындауымен аудандық аурухана немесе емханаға барып, антирабиялық көмек алу қажет.

Жануардың тістеуінен, тырнауынан немесе сілекейленуінен, сондай-ақ құтырудан өлген жануарды бөлшектеу кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуіне бірнеше шарттан тұрады. Зақымданған, сілекейленген жерді тез арада 20 пайыздық сулы сабынды ерітіндімен өңдеу, жараның шеттерін спиртті йод ерітіндісімен өңдеу, стерильді таңып байлау қажет. Алғашқы күнтізбелік үш күн ішінде емірлік немесе косметикалық көрсеткіштер бойынша араласуды талап ететін зақымдарды қоспағанда, жара-ның шеттері алынбайды және тігілмейді.

Жергілікті өңдеу жүргізілген соң құтыру вирусын жұқтыру тәуекеліне ұшыраған адамдарға антирабиялық вакциналар мен антирабиялық иммуноглобулин қолдану туралы нұсқаулықта көзделген тәртіппен тез арада имундау жүргізіледі. Алдын алу шараларын естен шығармаған жөн. Мәселен, алдын алу егулер, қаңғыма және құтырма иттерді жою, үй жануарларды дұрыс ұстау ережелерін сақтау, ҚР және басқа елдерден үй жануарларын тасымалдануын бақылау секілді бірқатар шаралар уақытылы жүзеге асырылады.

Жауапты мамандар айтқан кеңесті тұрғындар жадынан шығармауы тиіс. Ауруға сәзкіті немесе мінезінде өзгеріс болған кез келген хайуаннан балаларды аулақ ұстап, барлық сақтық шараларын қабылдау қажет. Тіпті ол ешкімді тістеп қапағанда да оның сілекейі денеңіз кесілген немесе қорыққан жеріне түссе, құтыру ауруын туғызады.

Жандос МАХМУТҰЛЫ

Таным



Биыл тәуелсіз еліміздің тарихынан елеулі орын алатын, өткен ғасырдың 20-30-40 жылдары колхоз құрылысының, Кеңес қызметінің басшысы болған белгілі қайраткер, еңбек және тыл ардагері Мыхан Ерниязулының туғанына 130 жыл толып отыр. Ол 1893 жылы қазіргі Бұқарбай батыр ауылдық округінде дүниеге келген. Тарихы тереңде жатқан Бұқарбай батыр ауылы жайлы көсіліп жазуға кеңестік кезең «ескіні» қозғай беруге рұқсат бермесе, еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары сананы тұрмыс билейді дегендей, мүмкіндік болмады. Дегенмен елжанды азамат Бердібек Сартайұлы колхоз құрылысының қиын кезеңінде ұжым басқарған. Ауылдық кеңестің төрағасы болған. Атасы Ерниязулы Мыханның үлкен баласы, ағасы ұстаз, өмірден ерте кеткен Ақмырза, өзінің әкесі Сартай Мыханұлы жайлы кітаптың басты кейіпкері Мыхан Ерниязулына арналған.

Мәуелі бәйтерек

«Сәулелі ғұмыр» атты кітапты жарыққа шығару, елдің өткен тарихын еске алуы, құттарлық іс болды. Ойды ой қозғайды дегендей, менің әкем Кәрімнің Мыхан досы, сырласы, замандасы болатын. Мыхан әкемнің үлкен баласы Ақмырза ағай ұстазым болған. Ал біз жасымыздан Сартай ағаға «болмасаң да ұқсап бақ» дегендей, еліктеп өстік, одан жаман болғанымыз жоқ.

Бүгінгі Бұқарбай батыр ауылы шағын бес елді мекеннен құрылған. 1933 жылы ВКП (б) Орталық Комитетінің XVII съезінің шешімімен МТС құрылуына байланысты Қызыл кедей колхозы кейін Мирзион және Қызыл ту колхозы болып екіге бөлінген. Екі колхоз да әкімшілік жағынан Ауылдық Кеңестің төрағасы Мыхан Ерниязовтың құзырында болған. Бұл қызметті әкеміз 1933-1938 жылдары атқарған. 1938 жылы Мыхан атамсыз Карл Маркс атындағы колхоздың төрағасы болып сайланды.

Бұл қызметті 1943 жылдың соңына дейін атқарған. Соғыс жылдарында жеңісті жақындату мақсатында Мыхан атамсыз бастама көтеріп, қару-жарақ жасауға қаржы жинауда белсенді атсалысқан. Халық және облыстың төбе ақыны атанған, биыл туғанына 125 жыл толып отырған, 1939 жылдан КСРО Жаушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының 15 жылдығына арналған арнайы төсбелгімен (1935ж), 1945 жылы «Күрмет белгісі» орденімен, «Еңбектегі ерөн үшін» медальымен марапатталған Төлөубай Үркімбаев сол жылдары «Берін де оққа байлап берді» деген арнау жыршында:

– Карл Маркс атындағы, Колхоздың әр мүшелері, Жиналыста жақындығы, Шығып сөйлеп нөшеулері, Елің сүйген Ерниязов, Отыз мыңды санап берді, Жауға барып қадалсын деп, Берін оққа байлап берді. Дәббл қарты он үш мыңмен үлес қосты.

Әбілдаев Әшім аға, Темір соғу кәсібі өкілі, Жиырма бес мың қаржы беріп, Халық алдында көзге түсті. Қандай жаулар және алады, Осындай зор өскен күшті. Счетовод Үйсінбаев, Отыз мың сомды өзі берді, – деп жырлаған.

1938жылы Мирзион халық жауы болып ұсталып кеткеннен кейін колхоз Карл Маркстің атымен аталған. Отызыншы жылдардың бірінші жартыжылдығында қолдан жасалған ашаршылықтан туралаған халықты тойындыру жылдары колхоздың төрағасы болған.

Бүгінде әңгіме болып отырған Мыхан әкеміз өзінің ұйымдастырушы қабілеті, қасиетімен халықты ортақ іске жұмылдыра білген. Ауданда алғашқылардың бірі болып Карл Макс колхозы мемлекет тарапынан, азды-көпті берілген техникаларды тиімді пайдаланып, қазіргі Бұқарбай батыр ауылының «Нұрыш табаны» деген жерге күріш өгіп, оны күтіп-баптап, сол кездегі аудан шаруашылықтарының қолы жетпеген күріш өгісінің әр гектарынан 37 центнер өнім алып, үлкен жетістікке жеткен. Колхозшыларға еңбек күніне 14 келі астық берілген. Ашаршылықтан зардап шеккен ауыл тұрғындары тойына бастаған.

«Еңбек күніне» алған күріштерін колхозшылар қоғамдық сауда орнына өткізіп, тұрмысын жақсартқан. 1937 жылы колхоздың 17 еңбек озаты Ауылдық кеңес төрағасы Мыхан әкеміз бастаған колхозшылар Мәскеуге халық шаруашылығының жетістіктерінің көрмесіне барған. Оларды Мәскеуге Қармақшыдағы оншыты сыныпта оқытын оқу озаты, «орыс» тіліне жетік Сражадин Айтуаров басқарып барып, жерлестеріне Отанымыздың астанасын аралатып, елге, отбасыларына аман-есен оралған. Сол Сражадин соғыс басталғанда минометшілер ротасының командирі болып соғысып, «Қызыл жұлдыз» «Александр Невский» I, II, III дәрежелі «ҰОС» орденінің иегері болып, Варшаваны жаудан азат етуде қаза тауып, өмірден ұрпақсыз кеткен. Мыхан әкеміз Карл Маркс колхозының төрағасы болып тұрғанда күрішшісі Айымқұл Ізітөуова «Нұрыш табаны» деген жерге күріш өгіп, әр гектардан 37 центнер өнім алып, еңбек озаты атанған Бригадирі Байхожаев Қаласбай болған. 1938 жылы Ізітөуова Айымқұл Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланған. Осы жылдары Қараөткен МТС агрономы, кейін келіп агроном ғалым Алтынбеков Әнес бүрші егілген жердің өнімділігін, шығымдылығын ғылыми тұрғыда зерттеп, әр гектардан 70 центнер өнім алуға болатынын дәлелдеген.

Екі әкеміздің достығы сол заманның ерлерінің достығындай болған. Екеуі де құралайды көзге атытын мерген болған. Кейін Мыхан әкеміз зейнетке шыққаннан кейін аңшылар тобын құрып, «Қараөзек», «Нұра» бойында қыс айларында аң аулап, колхоздың ет жоспарын орындауға көмектесіп отырған. Сол жылдары ауылда «Мыхан мен Кәрімді мылтық асырады», «Байназар ұстаны болғасын асырады» деген қанатты сөздер айтылып жүрген. «Әкесі татудың баласы тату» де-

гендей, Мыхан әкем жасы ұлғайып, басшылық қызметінен кеткеннен кейін «Қаройда» ірі қара бағып отырды. Ақмырза ағай Қызылордадағы мұғалімдер даярлайтын оқу орнын бітіріп келіп, «Қаройдан» бөзжорғасымен қатынап, Ақсайдағы бастауыш мектепте бізге үшінші сыныпта сабақ берді. Ол кісінің бейнесі бала болсақ та көз алдымда. Ағай туралы өз естелігіме жазған болатынмын.

Сартай ағай 1958 жылы Алматы мал дөрігерлік-зоотехникалық институтын бітіріп, еңбек жолын Калинин атындағы колхозда бас зоотехник болып бастаған. Осы жылдары облыстың үлгі тірек шаруашылығы атанған. Басшысы Ким Яковтың тәрбиесін көрген. Табынбаев Каһарман, Тұрабаев, Ермағанбет Ким Яков мектебінен өткен еді. Сартай аға колхоздың жұмысын қоғамдық негізде қоса атқарды.

Осы комсомол комитетінің хатшылығын оңжылдық мектепті бітіріп, 1960 жылы колхозшы болып жұмыс істеген едім. Сөкеннің жұмысы қауырты болса да, бізге жиналыс өткізіп, тапсырмалар беретін. Сартай аға туралы мына бір естелікті еске салуды жөн көрдім.

1937 жылы Ауылдық кеңес төрағасы Мыхан әкемізбен бірге жолбасшы болып Мәскеуге барған Сражадин Дүйсенбайлы бес жауынгер орденінің иегері, соғыста қаза тапқан баласы Сражадинге арнайы тағайындалған ақшалай жәрдемді әкесі Дүйсенбай өзі аудан орталығындағы банкіден алып тұрған. Ол кездегі ауыл аудан арасында қазіргідей көзлік жүрмейді. Әкеміз жаяу барып, жаяу қайтып жүреді. Осындай кезде Аудан орталығынан жаяу келе жатқан әкемізге атпен аудан орталығына бара жатқан Сартай аға кездесіп қалады. Сартай аға атынан түсіп «Әке, мына атты мініп ауылға барыңыз, қанша күн мінсеңіз де өз еркіңізді» деп атына мінігізіп жіберіп, өзі аудан орталығына жаяу кеткенін әкеміз ризашылығымен Мыханның балалары тәрбие көрген қыдыр ата дарыған, отбасынан шыққан ұрпақтар гой деп үнемі айтып отыратын. Екі әкеміздің достық сыйластығын ауызбен айтып жеткізу біз үшін қиын.

Ақмырза аға 1954 жылдың мамыр айында «Қаройда» қайтыс болды. Сонда менің әкем аза тұтып, Мыхан әкеміздің қасында бір апта болып, үйге келгенде «Мыхан ағаға қиын болды-ау», деп сақалын жуып жылағаны өлі есімде. Бұл күндері Мыхан әкеміз ұрпақтары өліне елеулі, халқына қалаулы болып, тәуелсіз еліміздің негізін қалауда еңбек етуде.

Сыр өңіріне белгілі қайраткер, еңбек және тыл ардагері Мыхан Ерниязулы-

ның туғанына 130 жыл толып отыр. Атаның өмірі, мәуелі бәйтеректей болып өткен қайраткердің «тектіден текті туады, тектілік оның жолын құады» дегеніндей, осы жолдардың авторы сол ауылдың төл презеренті болғандықтан, «әкесі татудың баласы тату» дегендей, бір ауылда аралас-қуралас болып өмірде де, еңбекте де сыйластықта болғанын атап өтуді жөн көрдім. Мыхан әкем менің әкем Кәрімнен жеті жас үлкен болатын. Олар сол заманның ұрпақтары, замандастары, сырластары, пікірлестері, достықтары жарасып, өздері өмір сүрген қоғамның белсенді азаматтары болып еңбек етті. Мәуелі бәйтерек болып, артына өшпейтін із қалдырып, ұрпақтарына тәлім-тәрбие берді. Өмірден ерте кеткен атаның үлкен баласы Ақмырзадан туған Сәндібек жоғары білімді құрылыс маманы болып, ауданның құрылыс жұмысына айшықты ізін қалдырып, дүниеден өтті.

Сапарбек еңбек жолын механизатор болып бастап, жоғары білімді агроном ғалым болып, өзінің туып өскен Калинин кеңсінде өндіріс бригадирі, шаруашылықтың бас агрономы, жеке-шелеңдіру кезінде шаруашылықтың 70 пайыз үлесін егеленіп, халқын асырады. Еңбегі бағаланып «Күрмет», «Парасат» ордендерімен марапатталған.

Тәуірбек көсіппен айналғысып, жаңа заманның іскер азаматы болып өмірден өтті. Сартай ағаның балалары, Мыхан атаның немерелері Бердібектен бастап білімше Алматыда тұратын аймаққа белгілі азаматтар. Сартай ағаның үлкен баласы Алматы – көсіпкер, атаның шөберелері Айманы – дәрігер, Айнұры – ұстаз, директор қызметін абыроймен атқаруда. Осындай мәуелі бәйтеректей болған Мыхан атамсыздың отбасының берекелі-бірілгін арттырып, ошаның маздатып, отын жағуда ел алғысына бөленген. Балалардың анасы шаруашылықтың қара жұмысының қайраткері Камал жеңгемізбен білім беру саласының үздігі, ұстаз аламыз Шырынкүл келіндерінің еңбектерінің арқасы деуге болады.

Мыхан атамсыздың зайыбы Бибайша әкеміз келісімі келген, мінезге бай, орнықты, салмақты кісі болатын. Немерелері Сәндібек, Сапарбек, Тәуірбектерді шешелері Камал жеңгеміз колхоздың жұмысында жүргенде әкеміз оларға егелік жасап, өсіруде еңбегі зор болды. Әсіресе Сәндібек марқұмының еркелігі әкесіне ерекше еді.

Ойымды жинақтай келе «Бұл елді мен айтпасам, кім айтпады» дегендей, әкеміз досы, әкеміз туған ағасындай сыйластықта болған әкелер жайлы өмірдеректерін мен жазбасам кім жазады деген бақсатпен қалам тарттым.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы

Оңалту орталығы – өмірдің қиын жағдайына тап болған ерекше жандардың басын қосатын, оларды жаңа өмірге бейімдейтін, қалыпты өмір дағдыларына оралуына ықпал ететін мекеме. Өткен аптада аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен, облыста орналасқан оңалту орталығының мамандарымен кездесу өтті. Оған аудан тұрғындары мен бірқатар сала мамандары қатысты.




Орталықтың негізгі міндеті қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың даму деңгейін арттыру, әлеуметтену және ықпалдасу деңгейін арттыруға бағдарланған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, дөрекі қарым-қатынастың барлық нысандарынан қорғау болып табылады.

– Мекеме қызметін 2012 жылы бастады. Мұнда 60 стационар, 50 жартылай стационар, тірек-қимыл аппараты бұзылған, аутизм және ментальды бұзылысы бар балаларға арналған 20 орындық оңалту орталығы бар. Ғимарат ұшқабатты, қызмет алушылар 1-2 қабаттағы блоктарда орналасқан. Ғимараттың бірінші қабатында асхана, жаттығу залы, спорт залы, акт залы, еңбек терапиясына арналған тігін шеберханасы, жатын бөлмелер, ойын бөлмелері, медициналық блок, оқшаулау бөлмесі, дезинфектор кабинеті, массаж, емдік дене шынықтыру кабинеті, мамандар кабинеттері, нақтырақ айтсақ, психолог, логопед, дефектолог, музыкалық терапия кабинеті, әлеуметтік тұрмыстық бағдар кабинеті, монтеросор кабинеті және сенсорлық кабинет орналасқан. Ғимараттың екінші қабатында асхана, жатын бөлмелер, медициналық блок, ем-шара кабинеті, дәрігерлер, невропатолог, психиатр, педиатр, реабилитолог кабинеттері, ультра сәулелі терапия және емдік дене шынықтыру кабинеттері орналасқан. Сондай-ақ 50 орынға есептелген күндізгі бөлу бөлімшесі де бар. Әр блокта бейнебақылау камералары орнатылған. Қызмет алушылар 5 мезгіл тамақтанады. Қызмет алушылардың сенсорлық қызметтерін көру және есту арқылы қабылдауын, өзін-өзі қалыпты бақылау, қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру мақсатында сенсорлық кабинеті, балаларға өздігін жұмыс жасауға, жеке тұлға ретінде қалыптасуға, өзіндік ойлау дағдысының дамуына арналған монтеросор кабинеттері бар. – деді орталық директорының орынбасары Дариға Нұрмұхамбетқызы.

Мекемеде қызмет алушылардың өз-өзіне қызмет көрсетуін жетілдіру, жаңы жаралы жандардың өмір сүруге деген құлшынысын оятып, дүниетанымын кеңейту, еңбек ету қабілетін арттыруда әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандар, дәрігерлер, аяқандар, психолог секілді 217 қызметкер еңбек етеді. Олар ем алушыларға медициналық және оңалту шараларын жүргізумен шектелмейді. Мамандар олардың диагностикасына сәйкес жеке-жеке арнайы жоспар бекітіп, жұмыс жасайды. Қызмет алушылардың әр күні, әр сағаты жоспарға сәйкес жүргізіледі. Олардың қимыл-қозғалысын дамыту мақсатында мамандар уақытпен санаспай жұмыс жасайды. Кездесу соңында ата-аналардан сұрақтар қойылып, мамандар тәрпынан мардымды жауап алынды.

Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы. Өйткені кез келген елдің негізгі байлығы – оның халқы. Осы тұста, мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамдық ортаға бейімдей отырып, өмір сүруге деген құлшынысын арттырып, денсаулығын қалыпқа келтіруде оңалту орталықтарының маңызы жоғары.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Жемқорлықсыз қоғам – жарқын болашақ кепілі

Кез келген дамыған мемлекет үшін сыбайлас жемқорлықпен күресу – ең өзекті мәселелердің бірі. Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына көрі әсерін тигізетін індет. «Береген қолым алаған» деп алақанын ысқылайтындар – қоғам дамуына түсау. Сондықтан бұл тұрғыда әлем бойынша тамырын тереңге жайып, түп-тамырымен жойып жіберуге күш бермей келе жатқан жемқорлық дертін күрестің маңызы зор. Себебі жемқорлықпен күрес – елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселенің бірі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялап, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттарын атап өткен болатын. Ел Президенті өз сөзінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес елдің стратегиялық даму басымдықтарының бірі болып табылатынын айтты. Осы бағытта бірқатар маңызды міндет іске асырылды. Президент сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің барлық ба-

ғыты бойынша жаңа серпін беру қажеттігін жеткізді. Ол Жолдау соңында елдің қауіпсіздігі мен халықтың әл-ауқаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жүйелі әрі тиімді шараларды іске асыруға байланысты екенін тілге тиек етті.

Сыбайлас жемқорлықпен жүйелі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Себебі халық өзінің құқықтарын өзіне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану

көректігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі – парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз құбылысқа қарсы шаралар мен жемқорлықсыз

қоғам құру бағытында кешенді және жүйелі жұмыстар жүргізу басты назарда. Себебі жемқорлықсыз қоғамда өмір сүру және жемқорлықсыз қоғамды құру – бүгінгі күннің басты талабы.

Сыбайлас жемқорлық ұлтымыздың қауіпсіздігі мен еліміздің беделіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс екені белгілі. Ал онымен күрес тек заң қызметкерлерінің жауапкершілігі емес, әрбір азамат пен азаматшының еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру жолындағы азаматтық міндеті екенін естен шығармай жөн.

А. ҚҰРМАНАЛИЕВА,
аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары

2023 жылы IV тоқсанда “Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Ербол Ғабит Ербоғұлы	Бөлім басшысы	Бейсенбі күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3	32-6-15, 31-3-35, 31-9-96

Азида – 2023

Ел қоржынында 10 алтын

Спортсүйер қауымның делебесін қоздырған XIX Азия ойындары да тарих қойнауына енді. Жарты ай бойы сары құрлықтың 45 елінен келген 12,5 мың спортшы өзара мықтыны анықтады. Ал еліміздің атынан 30 спорт түрінен 524 қазақстандық сынға түсті.

Иә, биылғы Қазақстан құрамасының нәтижесі ойдағыдай болмады. 2018 жылы Индонезия астанасы Жакартада өткен байрақты бәсекеде 15 алтын мен жалпыкомандалық есепте 9 орынды иеленгенде, бұл нәтижеге көңіліміздің толмайтынын жеткізген болатынбыз. Бұл жолы тіпті ондыққа да кіре алмадық. Нақтырақ айтсақ, 10 алтын, 22 күміс және 48 қола медальмен ұлттық құрама жалпы есепте 11 орынға тұрақтады.

Жексенбіде Лотус гүлі деп аталатын 80 мыңдық алып стадионда Азия ойындарының жабылу салтанаты өтті. Әдеттегідей Қытай тарапы ежелгі дәстүр мен жаңа технологияларды ұштастырып, өте жоғары деңгейде құрлық олимпиадасын сәтті аяқтады. Келесі ойындардың қойнауы Жапонияның Нагоя қаласына эстафета беріліп, азида алауы мәреге жетті.

Жасыратыны жоқ, Қазақстан үшін бұл Азия ойындарының нәтижесі күткендей болмады. Дегенмен жарқын эмоция сыйлаған сәттер де, жеңіске құлазыған кездер де болды. Спортсүйер қауым 15 күн бойы спортшылардың жеңіс үшін таласын тамашалап, мықты бәсекеге қарық болды. Асланбектің ширек финалдағы төрешілердің әділетсіздігіне қарамастан қарсыласын үш мәрте нокаутқа жіберіп, жеңісті жұлып алғаны әлі де көз алдымызда. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» демекші, боксшыларымыздың осы төрелікті тура болмағаны кесірінен жарыс жолынан шығып қалғаны жан-күйерлерді қынжылтты.



Венукуров салған ізбен велоспортшыларымыз қос алтынды қанжығасына басты. Әсіресе Алексей Луценко мен Евгений Федоровтың көпшілік топтан қара үзіп, қол ұстасып мәреге бірдей келгені ел рухын көтерді. Сол сәтте Алексейдің ізеттілікпен Евгенийге жол беріп, інісіне алтын сыйлауы сондай жылы көрініс болды.

Сүрмергендер де ерледі. Үш бірдей спортшымыз мәрәні дәл көздеп, 3 алтынды атып алды. Әсем Орынбай бастаған сүрмергендердің салқынқандылығы мен дәлдігі қарсыластарын таң қалдырды. Каратедің жеке-жеке отаны Жапонияның өзін шаң қаптырып кетті. Біздің каратешілер 8 жүлде алып, сары құрлықта мықты екенін тағы бір дәлелдеді. Әрине жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. У-шу шебері Аян Тұрсынның қолаға қанағаттанбай, қарсыласына

жол бергеніне намыстанып, көз жасына ерік бергені қазақ жұртының көңіліне қауып түсірді. Жарыстың соңғы күндері көркем гимнастикада Әлия Юсупова мен шәкірті Елжана Таниева күміс медаль алып, көптен күткен нәтижеге қол жеткізіп, қуаныштан жылап та алды.

Азия ойындарының алғашқы күндерінде Сыр өңірінің үш бірдей спортшысы Маржан Шамшадия, Абылайхан Жұбаназар, Шархан Нұрлыхан дюдодан үздік үштікке кіріп, қола медаль иеленді. Стенд атудан жерлесіміз Айжан Досмағамбетова қола жүлде жеңіп, аймақ спортының абыройын асқақ етті. Бокстан Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев жүлделі екінші орынға тұрақтап, күміс медальды қанжығасына басты. Сондай-ақ «Париж – 2024» олимпиадасының жолдамасын жеңіп алды. Құрлық додасының соңғы күнінде өз мықтылығымен бәрін там-

сандырған сырбайлық Мөлдір Жаңбырбай қаратеден нәтижелі өнер көрсетіп, күміс жүлде иеленді. Осылайша сырбайлық спортшылар Азия ойындарында ел қоржынына 2 күміс, 4 қола салды.

Иә, Азия ойындары қазақ спортшылары үшін жемісті болмады деген баға беріп жатырмыз. Дегенмен спорттағы бұл оқиғаларды алдағы үлкен додаларда толықтай жоюға болады. Намысты, өңбеккер спортшыларымыз барда Қазақ елі халықаралық додаларда әлі талай атой салып, әнұранымызды шырақатып, байрағымызды көкке көтеретініне көміл сенеміз. Енді спортшыларымыз 8 айдан кейін басталатын Париж олимпиадасында жоғары нәтиже көрсетеді деген үміт бар.

Жандос ЖАЗКЕН

Қоңыр күз келгенде жылғалар бітеліп, айнала ластанатыны белгілі. Осы тұста, табиғаттың тынысын ашу мақсатында ауданда апта сайын сенбілік жұмыстары жүргізіліп, жол жиектері, арықтар күл-қоқыстан тазартылып тұрады.



Сенбілік – тазалық кепілі

«Тазалық – табалдырықтан басталады» демекші, қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Тазалықты жанына серік еткен жалағаштықтар бүгінде сенбілікте ерекше белсенділік танытуда.

Аудан шыр айын шұғылалы ету мақсатында биыл да ауданды көріктендіру, көгалдандыру, абаттандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу жұмыстары жүйелі түрде атқарылып келеді. Сенбілік барысында аудан өкімі Аскарбек Есжанов тазалықты ретке келтіру бағытында аудан аумағындағы көшелерді аралап, жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысты. Аудан көлемінде жүргізілген қызу тазалық жұмыстарына апта сайын барлық мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген көшелерде тазалық жұмыстарын жүргізуде. Оның ішінде ауданның кіреберіс аймағын, қоғамдық орындар мен балалар ойын алаңдарының сыртқы қоршауларын сырлау, талдарды өктеу, парктер мен аллеяларды тазалау, орталық көшелер мен қоғамдық орындардың айналасын толық қамтыған тазалық жанаушылары 23 тоннаға жуық күл-қоқысты белгіленген орындардан шығарып, ортақ мекеннің көркеюіне өз үлесін қосты.

Апта кетейік, жүргізілген сенбілік нәтижесінде аудан бойынша тазалық жұмыстарына 153 мекемемен 2000-нан аса адам, 33 техника жұмылдырылды.

Сенбілік – бұл ұжымдық рухты, бірегейлікті, ауызбіршілікті көрсететін керемет шара. Аталған шара тұрғындардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыруға және ауданның санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталды. Тұрақты сенбілік жұмыстары барысында күн санап көшелердің келбеті жаңаруда.

Апта сайын аудан және ауылдық округтерде жаппай сенбілік шаралары ұйымдастырылып, аудан тұрғындары табиғат тазалығын сақтауда белсенділік танытуда. Қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген аудан тұрғындары «Ауыл тазалығы – баршамызға ортақ» деген ұранды ұстанып, ұйымшылдықпен сенбілікке шықты.

Сенбілік – халықты игілікті іске шақыру. Әр адам өз үйін әдемі, ауласын таза ұстаса, ауылдың тазалығы мен көркіне көрік қосар еді. Кез келген адам өз ауласының, тұрғылықты жерінің таза да әдемі болғанын қалайды. Сенбіліктің тазалыққа пайдасы зор. Бүгін сенбілікке шығып, талдарды өктеп, айналасы сыпырып, қоқыстарды жинап жатырмыз. Әр адам сенбілікке кішкене де болса атсалысып, үлесін қосса, тазалыққа деген жауапкершілігі де арта түседі. Жаңға рахат, көңілге шаттық сыйлайтын тазалық шараларына аптадағы уақытта да аудан тұрғындары белсене қатысса, нұр үстіне нұр болар еді. Ауламызды гүлдендіріп, көшелерімізді көркейтеміз десек, санитарлық тазалықты өзімізден бастауымыз жөн. Туған жердің тазалығын қадағалау әрбір тұрғынның азаматтық парызы екенін естен шығармайық, – деді аудан тұрғыны Бағлан Беркібай.

Қоршаған ортаны абаттандыруға жанаушылық танытып, апта сайын өткізілетін сенбіліктің мақсаты – туған жерді аздирмай, қолдан келгенше көркейтіп көгалдандыру. Қашанда халық үшін ауыл – руханияттың темірқазығы, ұлттық құндылықтардың алтын бесігі, бөреке-байлықтың бастауы. Туған жерінің ауасын жұтып, суын ішіп, табиғатынан қуаттанған әрбір азамат өз ауласын таза ұстап, қадірлеуі тиіс.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Бәрекедді!



Балғын бишілер бағындырған белес

БИ – ЖАННЫҢ ЫРҒАҒЫ, ӘДЕМІЛІК АЙҒАҒЫ. ҚАЗАҚТЫҢ БИ ӨНЕРІ ЕРТЕ ЗАМАННАН ҚАЛЫПТАСҚАН, ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АСА БАЙ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІМЕН, ӘН-КҮЙЛЕРІМЕН, ДӘСТҮРЛІ ТҮРМЫС САЛТЫМЕН БІТЕ ҚАЙНАСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЕЛ МҰРАСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ЕЖЕЛГІ БИ ӨНЕРІНІҢ ДӘСТҮРІ МЕН ӨРНЕГІН САҚТАП, ӨЗІНІҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАЛАРЫМЕН ҰШТАСТЫРА ОТЫРЫП, ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ДАМЫТҚАН. ҚАЗАҚ БИ ХАЛЫҚТЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІН, АДАМНЫҢ ТАБИҒАТҚА КӨЗҚАРАСЫН, ДҮНИЕТАНЫМЫН АЙШЫҚТАЙТЫН ӨНЕР РЕТІНДЕ ӨРКЕНДЕУДЕ.

Өткен аптада Қызылорда қаласындағы Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Шымкент қаласының «Бағым-М» би үйірмесі жас өнерпаздардың өнерге деген құлшынысын арттырып, қазақ биі әлемін дамыту және хореография мамандығына деген құрметін арттыру мақсатында «Dance art» республикалық конкурсын ұйымдастырған болатын. Аталған байқауға Түркістан, Қызылорда облысы мен Шымкент қаласының аудан ауылдарынан 41 би тобы қатысты. Қатысушыларға Қызылордада танымал белгілі хореограф Гүлбану Елубайқызы мен Әсел Бекзатханқызы төрелік етті.

Бұл байқауға аудан абыройын арқалап саналуан сайыстарда бақ сынап, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларда өнер көрсетіп жүрген өнерпаздарымыз, аудандық өнер мектебінің «Хореография» класы оқушыларынан құралған «Art-Action» би тобы қатысты. Кіл мықтылар бас қосқан байқауда заманауи

биімен көпшіліктің көңілінен шығып, әділқазылардың ыстық ықыласына бөленген жалағаштық жас өрендер биі сайысында бас жүлде иеленді. Мың бұралған бишілеріміз әділқазы алқаларын таңдай қақтырып, 50 мың теңге қаржылай жүлде қорын еншілеп, «Бүгінгі байқаудың фавориті Жалағаштық бишілер» деген мақтауды да естіп қайтты.

Сондай-ақ байқауда «Art-Action» би тобының жетекшісі Айбарша Бекбайқызы да халықаралық би сайысында «Үздік жетекші» номинациясымен марапатталды.

Бекзат өнер саналатын би әлеміне бала күннен әуес болған Айбарша Бекбайқызы бойжеткен соң Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінде білім алып, еңбек жолын 2018 жылдан бері аудандық өнер мектебінде бастаған, талантты жас бүгінде шығармашылығын шыңдап, біршама жетістікке қол жеткізді.

– Бұл байқау әр ай сайын әр облыста ұйымдастырылып тұрады. Біз

көшегі Қызылорда қаласында өткен жарысқа бірінші рет қатыссақ та оқушыларым қарсыластарынан жеңісті жұлып алды, бас жүлдені иелендік. Бұл байқауға өздеріміз білетіндей, заманауи биімен қатыстық. Жарысқа бір апта ғана уақыт қалғанда жаңадан келген биге деген қызығушылықтары жоғары екі оқушымыз қостым. Биге арнайы макет дайындадық. Топтағы Айлин оқушымының анасы сыйлық ретінде би барысында пайдаланатын кеменің макетін дайындап берді. Осы тұста ата-аналарға ерекше алғысымды білдіргім келеді. Себебі олар өз сайыста үнемі менің жанымнан табылып, көмектесіп жүреді. Бұл да құлшынысы мен құрметі деп ойлаймын. Биді шығару барысында төгілген тер мен жаңа идеялар өз жемісін беріп, оқушыларым сенімдімізді ақтады. Жарыста билейтін билерді 3-4 ай бойы дайындап барып шығарамын. Себебі дайындық барысында қойылған қиындықтар келесі күні ұнамай қалып, жиі

өзгерістер енгізуге тура келеді. Осы байқауға қатысқандар хореография класы бойынша 3 класста оқитын оқушыларым. Мен негізі би қоюмен емес, сабақ берумен айналысамын. Осы мамандықты оқушыларымының бойына толық сіңіріп шығу – менің басты міндетім. Классика, халық-сахналық, музыка сауаттылығы, ритмика, заманауи, Қазақстан хореографиясы апта сайын өткізіледі, – деді жетекші Айбарша Үсейін.

Еңбек жолында түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындардан көрініп келе жатқан «Art-Action» би тобының шығармашылық қоржынында «Ерке сыйқым», «Хорезм», «Жастар», «Қарақшылар», «Шашу», «Қуыршақтар», «Орыс» және т.б түрлі ұлт өкілдерінің биі бар.

«Өнер талантты өсіреді» дейді дана халық. «Art-Action» би тобының жетекшісі хореограф Айбарша Бекбайқызының балғын бишілері бүгінде жарқын жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Жас өнерпаздар мұнымен тоқтап қалмақ емес. Себебі жетекшісі Айбарша «темірдей тәртіп жеңіске жетелейді» дейді. Ұстаздарынан алған білімімен, үйреткен ілімінің арқасында аудан намысын әрі қарай да қорғап, биді шыңдарды бағындыруды мақсат еткен «Art-Action» би тобының алар асуы алда.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1600